



АНАЛАРДЫ АЛАҢДАТАТЫН МӘСЕЛЕ ОРТАҚ



Халықаралық ТҮРКСОЙ ұйымының шешімімен Ақтау қаласы «Түркі әлемінің мәдени астанасы» мәртебесіне ие болғаны белгілі. Киелі өңірде Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығы мен Халықаралық Отбасы күніне орай «Ана. Қоғам. Болашақ» атты форум өтті.

(Жалғасы 2-бетте)

(Жалғасы 3-бетте)

КИБЕРАЛАЯҚТЫҚ – ЗАМАН ҚАСІРЕТІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Заң мен тәртіп» қағидатын іске асыру негізінде Түркістан облысы Полиция департаменті және облыс прокуратурасының бас-тамасымен «Кибералаяқтық: алдын алу, қорғау, жауапкершілік» тақырыбында ауқымды республикалық форум өтті.

Ең алдымен, жиналғандарға су жаңа IT жабдықтары мен робототехника құралдарының көрмесі ұсынылды. Одан әрі бүгінгі таңда көп кездесіп жатқан алаяқтарға алданудың түрлері көрсетілген театрландырылған қойылым қойылды. Іс-шарада облыс әкімінің бірінші орынбасары Зұлфұхар Жолдасов, Полиция департаментінің бастығы Мұрат Қабденов, облыс прокуроры Мұрат Тілеубердиев сөз алып, өңірдегі алаяқтық қылмысының алдын алу бойынша атқарылып жатқан жұмыстарға кеңінен тоқталды.

Жиын барысында Киберқылмысқа қарсы іс-қимыл департаменті мен IT индустриясының білікті мамандары жұртшылыққа алаяқтарға алданбаудың әдіс-тәсілдерін көрсетіп, тәжірибесімен бөлісті.

Қазір ең көп кездесетін интернет-алаяқтық қылмыстардың түрі – банк, казпошта, ұялы байланыс операторының қызметкері, тіпті құқық қорғау органы қызметкері ретінде де хабарласып, жәбірленушілердің жеке деректеріне қол жеткізіп жатыр. Осы ретте құзырлы орган қызметкерлері жеке деректеріңізге сақ болып, келіп түскен қоңыраулар мен хабарламаларға сын көзбен қарап, оларды тексеру қажет екенін алға тартты. Жалған сілтемелерге кірмеуге кеңес берді.

Сондай-ақ ҚР ІІМ-нің Киберқылмысқа қарсы іс-қимыл департаментінің бастығы Жандос Сүйінбай, Түркістан облысы бойынша Экономикалық тергеп-тексеру департаментінің бастығы Ерболат Балғабаев, «CYBERLABS» ЖШС-нің өкілі Әділет Хамзин, «Digital road» IT индустриясының кәсіпкерлер қауымдастығының өкілі Сейдулла Исмаиловтар жиналған жұртшылыққа алаяқтарға алданбаудың әдіс-тәсілдерін көрсетіп, бұрын-соңды айтылмаған мағлұматтармен бөлісті.

РУХАНИЯТ

МӘДЕНИЕТ – ӨМІР МӘЙЕГІ

Астанада Мәдениет және өнер қызметкерлері күніне арналған мәдениет қызметкерлерінің форумы басталды.

Форум аясында ҚР Ұлттық музейінде ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі мен халықаралық ТҮРКСОЙ ұйымының қолдауымен III Қазақстан музей конгресі өтті.

Конгресте музей жәдігерлерін қалпына келтірудің теориялық және практикалық мәселелері талқыланды. Іс-шараға Түркия, Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан, Әзірбайжан, Беларусь, Молдова елдерінің ғалымдары мен музей қызметкерлері, сондай-ақ отандық ғалымдар мен мәдениет, өнер қайраткерлері қатысты.

Конгресс аясында Консервация және реставрация жөніндегі ғылыми орталықтың, мәдениет және өнер ұйымдары мен қызметкерлерінің «Рухани қазына – 2025» республикалық фестивалінің салтанатты ашылуы өтті.

Осы күні ҚР Ұлттық академиялық кітапханасында «Қолжетімді кітапханаларды дамытудағы заманауи стратегия-

лар мен цифрлық трансформация» атты дөңгелек үстел ұйымдастырылса, 20 мамырда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен мәдениет және өнер қызметкерлерін марапаттау рәсімі өтеді.

21 мамыр күні мәдениет және өнер ұйымдары мен қызметкерлерінің «Рухани қазына – 2025» республикалық фестивалі қорытындыланып, кәсіби мерекеге арналған салтанатты жиын гала-концертпен аяқталады. Сонымен қатар Орталық концерт залында мәдениет қызметкерлері форумының салтанатты жиыны өтеді. Оған Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин қатысады.

Форум жұмысына елдің барлық өңірінен 700-ден астам мәдениет саласының қызметкері шақырылды.

ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің баспасөз қызметі



3-бет



**Қарасаз –
сүт өнімдерімен танымал**

5-бет



**Зорлық-зомбылыққа
бейжай қарауға болмайды**

8-бет



Тергеуші

